

инновациялардың тұрақты болуына ықпал етеді. Бұл бағыттағы білім тұрақты даму мақсаттарына жету үшін жаңа әдіс-тәсілдер мен шешімдер табуға мүмкіндік береді [7,27-32б].

Инновация мен білім арасындағы байланыс қазіргі қоғамның дамуы үшін өте маңызды. Білім жаңа идеялар мен шешімдерді дамытуға негіз болады, ал инновациялар білімді іс жүзінде қолдану арқылы жаңа мүмкіндіктер мен тиімді шешімдер тудырады. Инновациялардың енгізілуі білім жүйесін жаңартып, оқыту тәсілдерін тиімдірек етуге мүмкіндік береді, ал жаңа білімдер мен дағдылар адамдарды инновацияларды жасауға және оларды жүзеге асыруға қабілетті етеді [8,33-36б].

Инновация мен білімнің өзара әрекеттесуі қоғамның барлық саласында прогреске қол жеткізуге ықпал етеді. Жаңа технологиялар, ғылыми жетістіктер, цифрландыру мен автоматтандыру білім беру жүйесіне жаңа көзқарастар мен әдістерді енгізеді. Сонымен қатар, білім мен дағдылардың дамуы инновацияларды табысты жүзеге асыруға және жаңа шешімдер мен идеяларды тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, инновация мен білім - бір-бірін толықтыратын және дамытуға ықпал ететін екі маңызды фактор. Білімсіз инновацияларды іске асыру қиын, ал инновациялар білімді кеңейтіп, оны тереңдетеді. Бұл өз кезегінде қоғамның дамуына, экономиканың өсуіне және адамдардың өмір сүру сапасының жақсаруына септігін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Педагогика №4, 2004: Мерзімді басылым, В.С.Лазарев, Б.П.Мартirosян. - Педагогикалық инновация: объект, пән және негізгі ұғымдар - 3-14 б.
2. Кәсіби білім №1, 2006: Мерзімді басылым, В.Г. Казаков - жаңа уақыт-кәсіби дайындықтың жаңа технологиялары - 15 б.
3. Гуров В. Педагогтың инновациялық қызметі, Қосымша білім беру және тәрбиелеу. - 2008. - № 2. - 15-18б.
4. Разина Н.А. Білім беру мекемесінің инновациялық қызметі жағдайында мұғалімнің кәсіби және жеке дамуы, Қазіргі заманғы ғылымды қажет ететін технологиялар. - 2008. - № 1. 22-23 б.
5. Ыбырайымжанов Қ.Т. Бастауыштағы педагогикалық үдерісті білім берудің жаңа жүйесінде ұйымдастырудың ғылыми негіздері - «Ғылым, білім және инновациялар - 2015. 354-359 б.
6. Нағымжанова Қ.М. Педагогикалық инновацияның зерттелуі - 2005 №3. 9 - 11 б.
7. Еркібаева Г.Ғ. Қазіргі білім берудегі педагогикалық технологиялар – Алматы, 2012. 27-32б.
8. Асанов Ж.Қазақстандағы педагогика ғылымы. – Алматы, 2010. 33-36б.
9. Бұзаубақова К.Ж., Тәжібаева С.Ж. «Жаңа әлемнің жаңа мұғалімін даярлауда инновациялық технологияны пайдалану» тренингі ; Оқу - әдістемелік құрал.- Тараз, 2018.- 100 б.

Азімхан Ф.Т., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, педагогика факультеті БОПмӘ-41-21к. тобы
(*Мухаметжанова А.О. п.ғ.к. қауымдастырылған профессор*)

БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМНІҢ ФАСИЛИТАТОР РЕТІНДЕГІ РӨЛІ

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі мұғалімнің тек білім беруші ретіндегі дәстүрлі рөлінен алшақтап, оқушылардың дербес дамуын, олардың белсенді оқу процесіне қатысуын қамтамасыз ететін фасилитатор мұғалім моделін қалыптастыруды талап етеді. Бұл әсіресе бастауыш мектеп деңгейінде ерекше маңызға ие, себебі дәл осы кезеңде баланың танымдық қызығушылықтары, шығармашылық қабілеттері және өзіндік оқу дағдылары қалыптасады. Бастауыш мектеп мұғалімі тек ақпарат жеткізуші ғана емес, сонымен қатар оқушылардың өздігінен білім алуына бағыт-бағдар беруші, шығармашылық ойлауын дамытушы, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастырушы тұлға болуы қажет.

Бүгінгі таңда фасилитатор мұғалімнің рөлі туралы бірқатар зерттеулер жүргізілуде. Қазақстандық және халықаралық тәжірибе көрсеткендей, бастауыш сынып оқушыларын белсенді оқытуға бағыттау, олардың оқу процесіне қызығушылығын арттыру және дербес даму траекториясын қалыптастыру білім сапасын жақсартады. Осы тұрғыдан алғанда, бастауыш мектеп мұғалімінің фасилитатор ретіндегі рөлін қарастыру өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Білім берудегі бұл тәсіл бастауыш мектеп мұғалімінің жаңа функцияларын қарастырады: ол оқушының жеке қабілеттері мен қажеттіліктеріне бейімделіп, әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы

оқу процесін ұйымдастырады. Фасилитатор мұғалімнің қызметі білім алушылардың дербестігін, шығармашылық қабілеттерін және топтық жұмыс дағдыларын дамытуға бағытталған. Мұндай көзқарас білім алушылардың өмірде қажет болатын дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, олардың оқуға деген қызығушылығын арттырады.

Бұл зерттеу мақалсы бастауыш сыныпта оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында мұғалімнің фасилитатор ретіндегі рөлін тереңірек талдауға бағытталған. Бастауыш мектеп мұғалімдерінің фасилитация әдістерін қолдану тәжірибесі мен олардың оқытудағы тиімділігін анықтау арқылы педагогикалық үдерісте жаңа тәсілдерді енгізуге негіз қаланады.

«Фасилитатор» термині ағылшын тілінен шыққан to facilitate - жеңілдету, ықпал ету, жәрдемдесу, қолайлы жағдайлар жасау. Ғылымда әлеуметтік және педагогикалық фасилитация ерекшеленеді.

Әлеуметтік фасилитация дегеніміз - оның санасында қарсылас немесе оның іс-әрекетін бақылаушы ретінде әрекет ететін басқа адамның (немесе адамдар тобының) бейнесін актуализациялау салдарынан адамның іс-әрекетінің жылдамдығын немесе өнімділігін арттыру. Әлеуметтік ықпалдың бір бөлігі ретінде әлеуметтік жеңілдету "адамдардың қарапайым тапсырмаларды жақсы орындайтын қасиеті және жеке адамның жұмысының нәтижелерін бағалай алатын басқа адамдар болған кезде қиын – қиын" [1, 42-бет].

Педагогикалық фасилитация деп педагогтің ерекше қарым-қатынас стилі мен тұлғасы есебінен білім берудің (оқыту, тәрбиелеу) өнімділігін күшейту және кәсіптік-педагогикалық үдеріс субъектілерін дамыту түсініледі [2]. Соңғы уақытта "педагогикалық фасилитация" туралы идеялар қарастырылуда (П. С. Лернер, В. П. Третьякова, Г. А. Шоцкая), оның мазмұны оқу процесінде топ мүшелерінің бір-біріне тікелей вербалды және вербалды емес әсерін бөлектеу, есепке алу және бақылау мүмкіндігімен байланысты [3; 4; 5].

Бастауыш мектеп мұғалімінің фасилитатор ретіндегі рөлі – білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды бағыттарының бірі. Бұл зерттеу нәтижелері мұғалімдердің кәсіби дамуына, бастауыш сыныпта белсенді оқыту әдістерін кеңінен қолдануға және оқушылардың білім алуына деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді.

Қазіргі білім беру жүйесінде мұғалімнің рөлі түбегейлі өзгеруде. Дәстүрлі білім беруде мұғалім тек білім беруші, ақпарат тасымалдаушы ретінде қарастырылса, қазіргі білім беру үдерісінде оның рөлі фасилитатор ретінде сипатталады. Бұл ұғым халықаралық білім беру тәжірибесінде кеңінен қолданылып, оқушылардың дербес танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған тәсілдердің бірі ретінде қарастырылады.

Фасилитатор мұғалім – бұл оқушылардың өзіндік оқу процесін ұйымдастыруға көмектесетін, олардың шығармашылық және танымдық белсенділігін ынталандыратын, білім алушыларға бағыт-бағдар беретін педагогикалық жетекші. Бұл ұғымның маңыздылығын зерттеген ғалымдар Л.С.Выготский, Брунер оқу процесіндегі фасилитация оқушылардың танымдық дербестігін арттырып, олардың сыни ойлау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беретінін анықтаған.

Қазақстандық ғалымдар арасында фасилитацияның білім беру жүйесіндегі рөліне ерекше мән берген зерттеушілердің қатарында Құдайбергенова Ә.Ә., Жақсылықова Ш.Б., Сүйіншәлиева Б.Қ. бар. Олар мұғалімнің тек ақпарат жеткізуші ғана емес, сонымен қатар оқушының оқу процесіндегі белсенді рөлін қалыптастырушы тұлға екенін атап көрсетеді.

Фасилитатор мұғалім дәстүрлі мұғалімнен бірнеше негізгі сипаттарымен ерекшеленеді:

– Фасилитатор мұғалім оқушыға дайын білім бермейді, керісінше, оны өздігінен ізденуге ынталандырады (Bruner,).

– Қазақстандық педагог Сүйіншәлиева Б.Қ. фасилитация тәсілдерінің бірі ретінде сұрақ қою, зерттеу жұмыстарын жүргізу, өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту маңызды екенін атап өтеді.

– Рахметова С.К. фасилитатор мұғалімнің басты ерекшелігі – оқушылардың өзара әрекеттестігіне жағдай жасау екенін көрсеткен.

– Әр оқушының оқу стилі мен қабілеттерін ескере отырып, мұғалім оқытуды бейімдеуі қажет.

– Арсланова Г.С. оқытудағы фасилитаторлық тәсілдер әрбір оқушының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы тиіс деп есептейді.

– Қазақстандық зерттеушілердің Құдайбергенова, Жақсылықова, пікірінше, кері байланыс оқушылардың өзін-өзі бағалау қабілетін жетілдіруге көмектеседі.

Фасилитатор мұғалімнің рөлі қазіргі білім беру жүйесінде маңызды орын алады. Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері мұғалімнің бұл моделінің тиімділігін дәлелдеді. Фасилитатор мұғалім тек білім беруші ғана емес, оқушының жеке дамуын қолдаушы, бағыттаушы, шығармашылық әлеуетін дамытушы тұлға болып табылады. Осыған байланысты, бастауыш мектеп мұғалімдерінің фасилитатор ретіндегі рөлін тереңірек зерттеу және практикада қолдану өзекті мәселе болып қала береді.



Сурет 1. Фасилитатор ұғымына талдау

Бастауыш мектеп мұғалімінің фасилитатор рөлін тиімді жүзеге асыру бүгінгі таңда білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл бағыттағы өзгерістер оқушылардың дербестігін дамытуға, олардың белсенділігі мен оқу процесіне қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Қазақстандық білім беру жүйесінде фасилитатор мұғалім моделін енгізу біртіндеп жүзеге асырылып жатқанына қарамастан, оны толыққанды қолдану үшін мұғалімдерді даярлау, кәсіби қолдау көрсету және әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері әлі де өзекті болып отыр.

Қазақстандағы білім беру реформаларының маңызды бір бағыты – мұғалімдердің оқыту әдістерін жаңғырту. Бұған себеп – жаһандық білім беру үрдістерінің өзгеруі мен оқушылардың қажеттіліктерінің артуы. Жаңартылған білім мазмұнына көшу барысында мұғалімдердің дәстүрлі рөлінен бас тартып, оларды оқушылардың өздігінен білім алуына жағдай жасайтын жетекші тұлға ретінде қарастыру қажеттілігі туындады. Осының негізінде мұғалімдерге фасилитатор рөлі жүктеліп, олардың оқушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімделген оқыту әдістерін қолдануы маңызды бола бастады. Бұл пікірді қазақстандық ғалымдар Құдайбергенова Ә.Ә., Жақсылықова Ш.Б. және Сүйіншәлиева Б.Қ өз еңбектерінде атап өтеді. Олар мұғалімнің дәстүрлі оқыту моделінен фасилитатор рөліне ауысуы оқушылардың өз бетінше ойлауын, дербес шешім қабылдауын және шығармашылық әлеуетін дамытудың тиімді жолы деп санайды.

Алайда, фасилитатор мұғалім моделін енгізу барысында бірқатар қиындықтар да бар. Біріншіден, көптеген мұғалімдер фасилитаторлық тәсілдерді толық меңгермегендіктен, олар әлі де дәстүрлі оқыту әдістеріне сүйенеді. Бұл – кәсіби даму бағдарламаларының жеткіліксіздігімен байланысты. Екіншіден, мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдардың тапшылығы олардың фасилитация тәсілдерін практикада қолдануын қиындатады. Сонымен қатар, мұғалімдер көбінесе оқу бағдарламасының мазмұнын қамтуға тырысып, оқушылардың жеке оқу траекториясын құруға уақыт жетіспейді. Осы мәселелерді шешу үшін мұғалімдерді фасилитатор ретінде даярлау және олардың кәсіби дамуына жағдай жасау қажет.

Ең алдымен, мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын жүйелі түрде ұйымдастыру маңызды. Осы мақсатта арнайы тренингтер мен семинарлар өткізіп, мұғалімдердің фасилитация әдістерін меңгеруіне мүмкіндік беру керек. Қазақстанда бұл бағытта Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі сәтті қолданылып келеді, алайда бұл тәжірибені бүкіл білім беру жүйесіне тарату қажет. Біліктілікті арттыру бойынша Сүйіншәлиева Б.Қ. мұғалімдерді фасилитатор ретінде даярлау барысында олардың практикалық дағдыларына ерекше мән берілуі керек екенін атап көрсетеді. Сонымен қатар, Арсланова Г.С. кәсіби дамуды ұйымдастыруда фасилитатор мұғалімдерге арналған онлайн-курстар мен әдістемелік семинарлардың тиімді екенін дәлелдеген.

Мұғалімдерді кәсіби қолдаудың тағы бір маңызды бағыты – әдістемелік қамтамасыз ету. Оларға фасилитация тәсілдерін сабақ жоспарына енгізу бойынша нақты құралдар әзірленуі тиіс. Мұндай әдістемелік қолдау мұғалімдердің фасилитаторлық қызметін тиімді жүзеге асыруына ықпал етіп, оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Әрине, фасилитатор мұғалім моделін енгізудің тиімділігін арттыру үшін оқушылардың дербес оқу дағдыларын дамыту да назардан тыс қалмауы керек. Оқушылардың өзіндік оқу процесін ұйымдастыруға көмектесу, олардың өзін-өзі реттеу қабілетін дамыту – фасилитатор мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Сондықтан оқу бағдарламаларын құру кезінде фасилитация әдістерін кеңінен қолдану маңызды. Сабақ барысында зерттеу жобалары, пікірталастар, рефлексиялық әдістер секілді белсенді оқыту тәсілдері қолданылған жағдайда, оқушылар өз бетімен білім алуға дағдыланады. Оқытудағы белсенді әдістердің маңызын В.В. Давыдов, Л.С. Выготский және Дж. Дьюи өз еңбектерінде жан-жақты қарастырған. Олар оқушының білімді дайын түрде қабылдауы емес, оны өз бетімен игеруі оқу процесін тиімді ететінін атап көрсетеді.

Осыған байланысты, мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін үнемі жетілдіріп отыру үшін кәсіби қауымдастықтарды дамыту қажет. Бұл тәжірибе алмасуға, фасилитация әдістерін тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, фасилитаторлық тәсілдерді практикаға енгізуді жеңілдету үшін технологиялық құралдарды кеңінен пайдалану да маңызды. Цифрлық ресурстар мен интерактивті оқыту платформалары мұғалімнің оқыту процесін ұйымдастырудағы рөлін жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың оқу белсенділігін арттырады.

Жалпы алғанда, бастауыш мектеп мұғалімінің фасилитатор рөлін тиімді жүзеге асыру – білім беру жүйесін жаңғыртудағы басты міндеттердің бірі. Бұл тәсіл оқушылардың өзіндік білім алуын дамытып, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Алайда, мұны жүзеге асыру үшін мұғалімдердің біліктілігін арттыру, әдістемелік қолдау көрсету және халықаралық тәжірибені бейімдеу қажет. Осындай кешенді шаралар арқылы ғана фасилитатор мұғалім моделін білім беру жүйесіне толыққанды енгізіп, оның тиімділігін арттыруға болады.

Кесте 1. Кері байланыс түрлерінің анықтамасы

№	Кері байланыс түрлері	Анықтамасы
1	Жедел кері байланыс	оқушының тапсырманы орындау барысында, өз жұмысын түзету мүмкіндігі болуы үшін мұғалімнің дереу берген кеңестерін қамтиды. Бұл оқушының қателіктерін дереу байқап, түзетуге көмектеседі.
2	Жан-жақты кері байланыс	оқушының бір немесе бірнеше тапсырманы аяқтағаннан кейін берілетін толыққанды пікір. Мұнда оқушының жұмысының барлық аспектілері қамтылып, оның күшті және әлсіз тұстары анықталады.
3	Өзін-өзі бағалау ақылы кері байланыс	оқушылар өз жұмыстарын өздері бағалап, мұғалімнің көмегімен қателіктерді түсініп, оларды қалай түзетуді үйренеді. Бұл әдіс оқушылардың өзіндік ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Рефлексия — оқушының өзінің оқу процесін бағалап, сол арқылы өз білімін, дағдыларын және жетістіктерін жақсарту жолдарын анықтауға мүмкіндік беретін маңызды құрал. Мұғалім фасилитатор ретінде оқушыларға рефлексия жүргізуді үйретіп, олардың өз оқуын сыни тұрғыдан талдауға, даму бағытын түсінуге жағдай жасайды. Рефлексия оқушының тек нәтижеге ғана емес, оқу процесінің өзін бағалауға мүмкіндік береді. Ол оқушыға өз әрекеттерін түсініп, келешекте тиімдірек оқу әдіс-тәсілдерін таңдауға көмектеседі. Сонымен қатар, рефлексия оқушылардың жауапкершілігін арттырып, олардың оқуға деген қызығушылығын сақтауға септігін тигізеді.

Фасилитатор ретінде мұғалім оқушылардың ынтасын арттыру мақсатында әртүрлі шығармашылық тапсырмаларды, топтық жұмыстарды және жобаларды енгізуі мүмкін. Осылайша, оқушылар өз білімін тек мұғалімнің нұсқауларымен ғана емес, сонымен қатар өздігінен зерттеулер жасап, жаңа ақпаратты өздері іздеп табумен де толықтырады. Мұғалім әр оқушының жеке даму жолына назар аударады, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сай тапсырмалар ұсынады. Оқушыларды ынталандыру және қолдау – бастауыш мектеп мұғалімінің фасилитатор ретіндегі негізгі міндеттерінің бірі. Бұл процестер

оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырып, олардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың мотивациясын жоғарылату, өз-өзіне деген сенімділігін нығайту және оқуға деген оң көзқарас қалыптастыру – мұғалімнің негізгі мақсаттарының бірі. Осы мақсатқа жету үшін мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, әр оқушының жеке ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына және қажеттіліктеріне сәйкес қолдау көрсетуі қажет [6, 24].

Қорыта келгенде, бастауыш мектеп мұғалімінің фасилитатор рөлі білім беру үдерісін жан-жақты қолдау мен дамытуға ықпал етеді. Бұл рөл оқушылардың тұлғалық дамуына, олардың білім алуына деген ынтасын арттыруға және білім сапасын көтеруге септігін тигізеді. Мұғалімнің осы рөлді дұрыс атқаруы әрбір оқушының оқу жолында жетістікке жетуіне, сенімділік пен мотивацияның артуына, сонымен қатар, олардың қоғамдағы толыққанды азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Фролова, Ю. Н. алгоритмизация процесінде әлеуметтік жеңілдетудің рөлі-проблемалық оқыту. – М.: Сібір педагогикалық журналы, – 2010. – No 5. - Б.41-54.
2. Зеер, Э. Ф. тұлғаға бағытталған кәсіптік білім. - М.:Педагогика, – 2002. – No 3. – Б.16-21.
3. Лернер, П.С. техниктерге арналған факультативтік курста кәсіптік білім беру мекемелерінің оқушыларын фасилитациялау.- Мәтін.: Мектеп технологиялары, – 2005. – No 6. – 100-105 ББ.
4. Тремясова, В.П. фасилитация тәсілдері негізінде салалық АБЖ - да сынып сағаттарын ұйымдастыру.- М.: Орта кәсіптік білім, – 2008. – No 3. – Б. 25-30.
5. Шацкая, Г. А. студенттердің топтық жұмысын ұйымдастырудағы әлеуметтік көмек. – М.: Орта кәсіптік білім, – 2008.– No 3. – 86-88 Б.
6. Сүйіншәлиева, Б. Қ. мұғалімнің фасилитатор ретіндегі рөлі.-М.: Оқу-әдістемелік құрал. Алматы: Раритет.

Акбар М.Б., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, педагогика факультеті, БОПмӨ-31-21 (к) тобы
(Бейсенбаева А.М. п.ғ.м., бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚЫРМАНДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі қоғамда оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Цифрлық технологиялардың дамуымен бірге балалардың назары электронды құрылғыларға, әлеуметтік желілерге, ойындарға ауып барады. Дегенмен, көркем әдебиет оқудың маңыздылығы ешқашан жойылған емес. Кітап оқу арқылы бала тек білім алып қана қоймай, логикалық ойлау қабілетін дамытады, қиялын ұштайды, сөздік қорын байытады. Оқуға деген қызығушылық – адамның өмір бойы білім алуының негізі. Сондықтан мектеп қабырғасында оқырмандық дағдыларды ерте жастан бастап дамыту аса маңызды.

Оқырмандық қызығушылық – адамның кітап оқуға деген тұрақты ұмтылысы мен оған деген сүйіспеншілігі. Бұл қызығушылық адамның жас ерекшелігіне, әлеуметтік ортасына және отбасындағы тәрбиеге байланысты қалыптасады. Егер бала кішкентай кезінен бастап кітаппен дос болса, оның болашақта әдебиетке деген құрметі жоғары болады.

Бастауыш мектепте оқырмандық қызығушылықты қалыптастыру және дамыту оқушылардың жеке тұлғалық және интеллектуалды өсуі үшін маңызды.

Кітап оқу білім беру процесінің маңызды бөлігі болып табылады, әрі дәл бастауыш мектеп жасында баланың әдебиеттік мәдениетінің негіздері қаланады. Бұл жаста оқушыларда кітаптарға тұрақты қызығушылықты дамыту өте маңызды, себебі осы қызығушылық олардың болашақта оқуға деген қарым-қатынасын және оқу жетістіктерін анықтайды.

Кітап оқу тек когнитивтік, сонымен қатар эмоционалды қабілеттердің дамуына да ықпал етеді. Балалар терең сюжетті және күрделі оқиғалар желісімен кітаптарды оқығанда, олар кейіпкерлерге жанашырлық танытып, әртүрлі эмоцияларды сезінуді үйренеді, бұл өз кезегінде эмпатия мен эмоционалды жетілуін дамытуға көмектеседі [1].

Әдеби шығармалар жиі достық, адалдық, батылдық сияқты маңызды мәселелерді қозғайды, бұл балаларға осы ұғымдарды түсініп, шынайы өмірде қолдануға мүмкіндік береді.